

"Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 25 қыркүйектегі № 74 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 26 қыркүйекте № 35127 болып тіркелді

### ЗКАИ-ның ескертпесі!

### Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараныз

#### БҰЙЫРАМЫН:

1. "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23890 болып тіркелді) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі туралы Ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" Санитариялық қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандығы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі туралы Ереженің 15-тармағының 113) тармақшасына сәйкес әзірленді және меншік нысанына қарамастан білім беру объектілерінде объект салынатын жер участкесін таңдауға, жобалауға, реконструкциялауға, пайдалануға, сумен жабдықтауға, суды бұруға, жылумен жабдықтауға, жарықтандыруға, желдетуге, ауаны баптауға, жөндеуге және күтіп-ұстауға, тұру, тамактану, оқыту жағдайларына және өндірістік практикаға, өндірістік бақылауға, персоналдың еңбек және қызмет көрсету жағдайларына, білім

алушылар мен тәрбиеленушілерді медициналық қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Техникалық және кәсіптік білімнің (бұдан әрі – ТжКБ), орта білімнен кейінгі (бұдан әрі – ОБК), жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдары (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) оқу кабинеттері мен дәрісханалары үй-жайларының ауданы:

- 1) 12 – 15 орын үшін 1 білім алушыға 2,5 м<sup>2</sup>;
- 2) 16 – 25 орын үшін 1 білім алушыға 2,2 м<sup>2</sup>;
- 3) 26 – 49 орын үшін 1 білім алушыға 1,8 м<sup>2</sup>;
- 4) 50 – 75 орын үшін 1 білім алушыға 1,5 м<sup>2</sup>;
- 5) 76 – 100 орын үшін 1 білім алушыға 1,3 м<sup>2</sup>;
- 6) 100 – 150 орын үшін 1 білім алушыға 1,2 м<sup>2</sup>;
- 7) 150 – 350 орын үшін 1 білім алушыға 1,1 м<sup>2</sup>;
- 8) 350 және одан артық орын үшін 1 білім алушыға 1,0 м<sup>2</sup> болып айқындалады.";

77-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"77. ТжКБ, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдары білім алушыларының оқу жүктемесі Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28916 болып тіркелген) бекітілген.";

92-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"92. Объектілердің санитариялық тораптарында унитаздар, қол жуатын раквиналар, қолды жууға және кептіруге арналған құралдар, дәрет қағазына арналған ұстағыштар, қоқыс жинауға арналған қоқыссалғыштар орнатылады. Санитариялық тораптар дәрет қағаздарымен қамтамасыз етіледі.

Объектілерде мектеп алды сыныптары үшін балаларға арналған унитаздар орнатылады. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер үшін унитаздар есіктері жабылатын жабық кабиналарда орналастырылады.

Объектілердің оқу және тұрғын корпустарындағы санитариялық аспаптарға қажеттілік осы Санитариялық қағидаларларға 6-қосымшаға сәйкес көзделеді.

Халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтар үшін санитариялық құралдардың орнатылуы және оларға қажеттілік сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес нормаланады.";

92-1-тармақпен мынадай мазмұндағы толықтырылсын:

"92-1. Санитариялық тораптар ҚР СТ 3845-2023 "Жалпы білім беретін мектептердің санитариялық тораптары. Жалпы талаптар және қауіпсіздік талаптары" ұлттық стандартына сәйкес келеді.";

94-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"94. Білім алушылар мен тәрбиленушілердің тұруы үшін объектіні жеке тұрған ғимараттарда, кіріктірілген-жапсарлас ғимараттарда, сондай-ақ оку корпустарымен қатар орналастыруға жол беріледі.

Жатын бөлмелердің ауданы 1 орынға кемінде 4 м<sup>2</sup>, полиомиелит және церебральды сал ауруы бар балаларға арналған мектеп-интернаттарда-4,5 м<sup>2</sup> болып белгіленеді.

ТжКБ, БҚ және ЖЖОКБҰ білім алушыларына арналған жатақханаларда 1 адамға арналған алаң кемінде 6 м<sup>2</sup> көзделеді.";

100-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"100. ТжКО, ОБКБ және ЖЖОКБҰ білім алушыларына арналған студенттік жатақханаларда 4-6 адамға 1 себезгі, 1 қол жуатын раквина және 1 унитаз орнатылады. Эйелдердің жеке гигиенасы кабинасы 50 адамға шаққанда 1 кабина есебінен көзделеді және унитазбен, бидемен, себезгімен және қол жуатын раквинамен жабдықталады.";

139-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"139. Эпидемиологиялық қауіптілік дәрежесі бойынша ықтимал қауіпті қалдықтарға жататын медициналық қалдықтар пайда болған кезде оларды "Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауга, пайдалануга, қолдануга, залалсыздандыруға, тасымалдауга, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндеттін атқарушының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 бүйрүғына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21934 болып тіркелген) сәйкес залалсыздандырады және жояды.";

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрүкты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрүк ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бүйрүк Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау

министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілетін осы бүйрықтың 1-тармағының жиырма бесінші абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі

A. Альнаزарова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Оқу-ағарту министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ғылым және жоғары білім

министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Өнеркәсіп және құрылым

министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК